

Құжат: «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары төлейтін дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі («Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген, 2014 жылғы 11 мамырдағы № 14/14 хаттама) (12.08.2020 ж. өзгерістер және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: қолданыста. Күні: 11.05.2014 ж.

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамы
Басқармасының шешімімен
бекітілген

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамы
Басқармасының күндізгі отырысының
2014 жылғы 11 мамырдағы
№ 14/14 хаттамасына
№ 2 қосымша

**«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының еншілес
ұйымдары төлейтін дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі**
(12.08.2020 ж. [өзгерістер және толықтырулармен](#))

Астана қ., 2014 жыл

Мазмұны

- [1. Жалпы ережелер](#)
 - [2. Дивидендтер мөлшерін айқындау тәртібінің мақсаты мен негізгі қағидаттары](#)
 - [3. Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі](#)
 - [4. Дивидендтердің уақтылы төленуі үшін жауапкершілік](#)
 - [5. Қорытынды ережелер](#)
- [Қосымша. Компаниялар төлеуге ұсынатын дивидендтерді есептеу әдістемесі](#)

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары төлейтін дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі (бұдан әрі - Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Холдинг) Жарғысына, Холдингінің 2014-2023 жылдарға арналған даму стратегиясы мен оның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Холдингке (бұдан әрі - Компанияға) тиесілі заңды тұлғалар меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Холдингке тиесілі акциялар пакеттеріне (қатысу үлестеріне) төлейтін дивидендтердің мөлшерін айқындаудың бірыңғай тәсілдемелері мен қағидаттарын белгілейді.

Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы сенімгерлік басқару құқығында Холдингке тиесілі заңды тұлғаларға қатысты, егер Холдинг сенімгерлік басқаруды құру туралы актіге сәйкес

Құжат: «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары төлейтін дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі («Бәйтерек «Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген, 2014 жылғы 11 мамырдағы № 14/14 хаттама) (12.08.2020 ж. өзгерістер және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: қолданыста. Күні: 11.05.2014 ж.

дивидендтер алуға уәкілетті болған жағдайда ғана қолданылады.

Дивиденд деп меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі Компаниялардың акциялары (қатысу үлестері) бойынша Холдингке төленетін есепті кезеңдегі Компаниялардың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне/қызметінің нәтижелеріне сәйкес Компанияның таза кірісінің бір бөлігі түсініледі.

Дивидендтер Компаниялардың таза пайдасын олардың бекітілген даму стратегиялары, сондай-ақ олардың қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындыларын шығару жөніндегі жұмыс шеңберінде Компаниялардың директорлар кеңестерінің келіп түскен ұсыныстары негізінде бөлу және қайта инвестициялауды ескере отырып төленеді.

1.3. Холдингке дивидендтер төлеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Компаниялардың жарғыларымен, сондай-ақ Компаниялардың жалғыз акционерінің (акционерлердің жалпы жиналысының) тиісті шешімдерімен регламенттеледі.

2. Дивидендтер мөлшерін айқындау тәртібінің мақсаты мен негізгі қағидаттары

2.1. Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібінің мақсаты Холдинг пен Компаниялардың мүдделерінің теңгерімін, дивидендтердің мөлшерін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін айқындау кезінде тәсілдеменің болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

2.2. Дивидендтер мөлшерін анықтау тәртібінің негізгі қағидаттары:

- Холдингің Қазақстан Республикасы Үкіметінің және (немесе) Холдингің жалғыз акционерінің тапсырмалары бойынша төлемдер мен шығындарды жүзеге асыру қажеттігі қағидаты;

- Холдинг қаражаты есебінен іске асырылатын қызметтің жаңа түрлерін және инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, Холдинг қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету қажеттігі қағидаты;

- Компаниялардың даму шығындарын, оның ішінде өзінің инвестициялық қызметін қаржыландыру қажеттілігі қағидаты.

2.3-тармаққа «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 12.08.20 ж. № 37/20 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді (ескі ред. қараңыз)

2.3. Компаниялар Холдингің пайдасына есептейтін дивидендтердің мөлшері Холдингің төмендегіні қамтамасыз ету үшін ақшалай қажеттілігін жабуы керек:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің және (немесе) Холдингің жалғыз акционерінің тапсырмалары бойынша төлемдер мен шығындар;

- Холдингің ағымдағы қызметін қаржыландыру;

- Холдинг қаражаты есебінен іске асырылатын қызметтің жаңа түрлерін және инвестициялық жобаларды қаржыландыру;

- Холдингің қаржылық міндеттемелерін орындау.

3. Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі

3.1. Холдингің пайдасына Компаниялар есептейтін дивидендтердің мөлшері Компаниялардың қаржылық тұрақтылығы мен өтімділігі көрсеткіштерінің негізінде айқындалатын қаржы-экономикалық жағдайына байланысты айқындалады.

3.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібіне және Компаниялардың жарғыларына сәйкес Компаниялардың уәкілетті органдары өткен қаржы жылындағы Компаниялардың таза табысын бөлу тәртібі

Құжат: «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары төлейтін дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі («Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген, 2014 жылғы 11 мамырдағы № 14/14 хаттама) (12.08.2020 ж. өзгерістер және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: қолданыста. Күні: 11.05.2014 ж.

және Компанияның бір жай акциясына шаққандағы бір жылдағы дивидендтер мөлшері туралы ұсыныстар дайындайды.

3.3. Дивидендтер мөлшері туралы қорытынды шешім Компанияның жалғыз акционерінің/жалғыз қатысушысының (акционерлердің жалпы жиналысының/қатысушылардың жалпы жиналысының) шешімімен белгіленеді.

3.4. Компаниялар төлеуге ұсынатын дивидендтердің мөлшері осы Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібіне [қосымшаға](#) сәйкес дивидендтерді есептеу әдістемесінің негізінде айқындалады (Компаниялар төлеуге ұсынатын дивидендтерді есептеу әдістемесі).

4. Дивидендтердің уақтылы төленуі үшін жауапкершілік

4.1 Компанияның дивидендтер төлеу мәселелері бойынша барлық іс-шараларды Компанияның атқарушы органы дайындайды, үйлестіреді және өткізеді. Дивидендтердің уақтылы төленуіне Компанияның атқарушы органы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның жарғысына сәйкес жауапты болады.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Осы Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі бекітілген сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

5.2. «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 12.08.20 ж. № 37/20 [шешіміне](#) сәйкес алынып тасталды ([ескі ред. қараңыз](#))

Қосымшаға «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 12.08.20 ж. № 37/20 [шешіміне](#) сәйкес өзгерістер енгізілді ([ескі ред. қараңыз](#))

«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі»
акционерлік қоғамының
Басқармасының
еншілес ұйымдары төлейтін
дивидендтер мөлшерін айқындау
тәртібіне қосымша

Компаниялар төлеуге ұсынатын дивидендтерді есептеу әдістемесі

1. Компаниялар төлеуге ұсынатын дивидендтер мынадай негізде есептеледі:
 - Компанияның аудиттелген қаржылық есептілігінің деректері;
 - дивидендтер есептелетін кезең үшін басқару есебінің ақпараты (қаржылық есептілікте қажетті деректер болмаған жағдайда).
2. Компаниялар төлеуге ұсынатын дивидендтер келесі реттілікпен есептеледі:
 - 1) 1 кезең - ақпаратты жинау және дайындау;
 - 2) 2 кезең - дивиденд мөлшерін есептеу;

Құжат: «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары төлейтін дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі («Бәйтерек «Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген, 2014 жылғы 11 мамырдағы № 14/14 хаттама) (12.08.2020 ж. өзгерістер және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: қолданыста. Күні: 11.05.2014 ж.

3) 3 кезең - Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Компаниялар жасасқан шарттарда (ковенанттарда) белгіленген дивидендтер төлеу бойынша шектеулерді қадағалау талаптарының орындалуын тексеру.

Есептеу кезеңдерінің сипаттамасы

1-кезең. Ақпаратты жинау және дайындау

Бұл кезеңде келесі құжаттар жиналады және жүйеленеді:

- Компанияның аудиттелген қаржылық есептілігі;
- осы есепте пайдаланылатын көрсеткіштердің мәндерін айқындау үшін қажетті, олар туралы мәліметтер бухгалтерлік есепте қамтылмаған Компанияның басқарушылық есебінің басқа да құжаттары мен деректері.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген дивидендтер төлеу жөніндегі шектеулерді сақтау шарттарының орындалуына тексеру жүргізіледі.

2-кезең. Төленетін дивидендтер мөлшерін есептеу

Компаниялар төлеуі тиіс дивидендтер мөлшері өткен қаржы жылы (бұдан әрі - Кезең) үшін есептеледі.

Егер Компания осы Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібінде және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген Кезең үшін және өзге де жағдайларда шоғырландырылған таза залал алған жағдайда дивидендтер есептелмейді.

Төленуге тиісті дивидендтер мөлшері кезеңнің соңына Компанияның қаржы-экономикалық жағдайына тәуелді айқындалады.

Дивидендтер келесідей есептеледі:

$$\text{Дивидендтер} = \text{КЧП} * k,$$

мұндағы:

КЧП- Компанияның Кезең ішіндегі шоғырландырылған таза пайдасы;

k-дивиденд мөлшері,%.

Компаниялар Кезең үшін төлеуге жататын дивидендтердің нысаналы мөлшері Кезең ішіндегі шоғырландырылған таза пайданың кемінде 70% құрайды.

Компания дивидендтер мөлшерін мақсатты мөлшерден аз төлеу туралы шешім қабылдауға кеңес бере алады, егер:

- қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржылық тәуекелдерді жабу үшін негізделген қажеттіліктердің болуы, оның ішінде ұсынылған Кезең соңындағы Компанияның қаржылық-экономикалық жағдайын талдау негізінде болжамды кассалық алшақтықтың болуы;
- өз қаражаты есебінен қаржыландыруды талап ететін, іске асырылуы тиіс жоғары табысты жобалардың болуы;
- нормативтік құқықтық актілерде белгіленген дивидендтер төлеу жөніндегі шектеулерді сақтау шарттарын орындау қажеттілігі.

К коэффициенті Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібінің 2.3-тармағында көрсетілген шығыстарды қаржыландыру қажет болған жағдайда, Холдингінің экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінің ұсынысы негізінде 70%-дан жоғары деңгейде қабылдануы мүмкін.

Құжат: «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының еншілес ұйымдары төлейтін дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі («Бәйтерек «Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген, 2014 жылғы 11 мамырдағы № 14/14 хаттама) (12.08.2020 ж. өзгерістер және толықтырулармен)

Құжат мәртебесі: қолданыста. Күні: 11.05.2014 ж.

Кезең ішінде есептелетін дивидендтердің ең жоғарғы мөлшері Кезеңдегі шоғырландырылған таза пайданың 100%-на тең.

Компаниялар Кезең ішінде төлеуге жататын дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысының (Жалғыз акционердің) немесе Компанияның - акционерлік қоғамның барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші тұлғаның, Компанияның - жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жалғыз қатысушысының (қатысушылардың жалпы жиналысының) шешімімен Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібінің 2.2 [тармағында белгіленген қағидаттарға сәйкес белгіленеді](#)

3-кезең. Компаниялар (ковенанттар) жасасқан шарттармен белгіленген дивидендтер төлеу бойынша шектеулерді қадағалау талаптарының орындалуын тексеру

Компанияның дивидендтерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Компаниялар (ковенанттар) жасасқан шарттарда белгіленген шектеулерден асатын сомаға есептеуге жол берілмейді.

Егер 2-кезеңде есептелген дивидендтердің сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Компаниялар (ковенанттар) жасасқан шарттарда белгіленгеннен асып кетсе, онда мұндай сома төлеуге рұқсат етілетін сомаға дейін кему жағына қарай түзетіледі.

Болашақта Компаниялар жасасатын ешқандай шарттарда Компаниялардың дивидендтер төлеуіне ешқандай шектеулер болмауы керек. Компаниялардың дивидендтер төлеуі бойынша қандай да бір шектеулерді қамтуды көздейтін шарттардың барлық жобалары Холдингтің активтері мен пассивтерін басқару Комитетімен алдын ала келісілуге тиіс.